



Павлодар мемлекеттік педагогикалық институтының
ғылыми, ақпараттық-талдамалы журналы
Научный информационно-аналитический журнал
Павлодарского государственного
педагогического института

2004 жылдан шығады
Основан в 2004 году

**ҚАЗАҚСТАН
ПЕДАГОГИКАЛЫҚ
ХАБАРШЫСЫ**

**ПЕДАГОГИЧЕСКИЙ
ВЕСТНИК
КАЗАХСТАНА**

2-3^{'2013}

ПЕДАГОГИЧЕСКИЙ ВЕСТНИК КАЗАХСТАНА
СВИДЕТЕЛЬСТВО
о постановке на учет средства массовой информации
№9076-Ж
выдано Министерством культуры, информации и спорта
Республики Казахстан
25.05 2008 года

РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ

Главный редактор

Н.Р. Аршабеков, доктор философских наук, профессор

Зам. главного редактора

А.С. Ильясова, кандидат исторических наук

Ответственный секретарь

А.Ш. Тлеулесова, кандидат пед. наук, доцент (ПГПИ)

Члены редакционной коллегии

А.К. Кусаинов, доктор пед. наук, профессор, лауреат Государственной премии РК, президент Академии педагогических наук Казахстана

Д. Камзабекулы, доктор филологических наук, профессор (ЕНУ им. Л.Н. Гумилева)

Р.К. Толеубаева, доктор педагогических наук, профессор (КазНПУ им. Абая)

Г.К. Ахметова, доктор пед. наук, профессор, председатель правления АО «НЦПС Өрлеу»

К.К. Жампеисова, доктор пед. наук, профессор (КазНПУ им. Абая)

В.В. Егоров, доктор пед. наук, профессор (КарГТУ)

Б. Абдыкаримулы, доктор пед. наук, профессор (КАО им. Ы. Алтынсарина)

С.К. Бердыбаева, доктор пед. наук, профессор (КазНУ им. аль-Фараби)

Н.С. Сафаев, доктор пед. наук, профессор (ТГУ им. Низами, г. Ташкент)

А.А. Петрусевич, доктор пед. наук, профессор (ОмГПУ, г. Омск)

Н.В. Чекалёва, доктор пед. наук, профессор (ОмГПУ, г. Омск)

А.Ф. Филатова, доктор пед. наук, профессор (ОмГПУ, г. Омск)

А.К. Нургалиева, доктор пед. наук (ПГПИ)

Г.Е. Отепова, доктор ист. наук (ПГПИ)

С.Н. Сутжанов, доктор филол. наук (ПГПИ)

Ж.А. Усин, доктор пед. наук, профессор (ПГПИ)

Технический секретарь

Ж.Б. Узыкканов

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели.

Мнение авторов публикаций не всегда совпадает с мнением редакции.

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов.

Рукописи и диски не возвращаются.

При использовании материалов журнала ссылка на «Педагогический вестник Казахстана» обязательна.

Педагогика және білім берудің жалпы мәселелері Общие проблемы педагогики и образования	Білім және ғылым саласындағы инновациялық және интеграциялық үрдістер Инновационные и интеграционные процессы в науке и образовании
П.К. Искакова, М.Е. Рустамбекова, К.Ш. Орынбаева, Д.Ж. Сақенов Білім беру жүйесін дамытудың заманауи тенденциялары 4	Б.А. Абдыханова Бұқараның саяси санасына ықпал етудегі тілдің қызметі 54
М.Б. Жаздықбаева, Ж. Қасымбеков, Д.Ж. Сақенов Баланы мектептегі оқуға дайындаудың бағыттары 13	А. Аккалиева Использование метода глобального симулирования в процессе обучения английскому языку 59
Оқыту және тәрбие теориясы мен тәжірибесі Теория и практика обучения и воспитания	А.Б. Бакраденова Бүлдіршінге поэзиялық туындыларды қабылдану мәселесіне 64
М.М. Акешова, К.М. Беркымбаев, Ж.Е. Дарибаев, Д.Ж. Сақенов Формирование иноязычной коммуникативной компетенции в процессе подготовки будущих экологов 20	Білім берудегі психологиялық мәселелер Психологические проблемы в образовании
О.В. Павленко, К.С. Бутенова Адаптация первоклассников к условиям музыкальной школы-интерната для одаренных детей 31	Е.В. Бронский, М.Е. Кусмиденов, Д.В. Гулая Зависимость симптомов фаз профессионального выгорания от стажа работы педагогов... 73
Л.П. Солонцова, М.А. Рамазанова Компрессия текста в профильной школе 41	Әртүрлі – Разное
Г.Н. Старченко Функционально-коммуникативный аспект в работе над художественным текстом при обучении русскому языку как неродному 46	К.Ф. Загупаров А.С. Катеринину – 90 83
	Авторларға арналған ереже 89 Правила для авторов 91

ӘОЖ 371.307 8:005.8

БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІН ДАМУДЫҢ ЗАМАНАУИ ТЕНДЕНЦИЯЛАРЫ

П.К. Искакова

*педагогика ғылымының кандидаты, доцент міндетін атқарушы,
Қ. А. Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Түркістан қ., Қазақстан*

М.Е. Рустамбекова

*педагогика ғылымының кандидаты, доцент міндетін атқарушы
Қ. А. Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Түркістан қ., Қазақстан*

К.Ш. Орынбаева

*2 курс магистранты
Қ. А. Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Түркістан қ., Қазақстан*

Д.Ж. Сакенов

*педагогика ғылымының кандидаты, доцент, ПМПИ профессоры
Павлодар мемлекеттік педагогикалық институты, Павлодар қ., Қазақстан*

Аңдатпа

Осы мақалада білім саласының техникалық дамудың қазіргі үрдістері қаралады. Сонымен бірге қазіргі кезеңде, қадір-қасиет және осы процесінің кемшіліктері компьютерлерді үйренуде енді қолданулар сипатталған. Оқу процесінде компьютер әдісін қолдануды кеңейтуі білім жүйесінің бас ерекшелігі болып келеді. Білімнің ұлттық жүйелерінің ахуалын талдау әлемнің барлық елдеріне үнемі бір негізгі даму үрдісітер тән болатынын көрсетеді.

Тірек сөздер: Бүгінгі бағыттар, білім беру жүйесінің дамуы.

Қазақстан Республикасы тәуелсіздігін алғаннан кейін айтарлықтай тарихи қысқа мерзім ішінде әлемдік қауымдастыққа нарықтық экономикалы ел ретінде танылды. Жүйедегі қоғамдық қатынастарды түрлендіру білім беру жүйесіне әсер етіп, одан жаңа тарихи кезеңді жүзеге асыруға бара бар жауапты және экономиканың дамуына қажетті сәйкестікті талап етеді. Қазіргі таңда білім, іскерлік пен дағдылар жиынтығын меңгеру ғана жеткілікті емес, мұнда жоғары деңгейде жүзеге асыру және қоғамдық өмірдегі еңбектерге белсенді араласу үшін өз бетімен ақпаратты талдау, құрылымдау, пайдалану барынша маңызды болып табылады.

Қазіргі заман мұғалімнен тек өз пәнінің терең білгірі болуын емес, тарихи танымдық, педагогикалық-психологиялық сауаттылық, саяси экономикалық білімділік және ақпараттық сауаттылықты талап етуде. Ол заман талабына сай білім беруде жаңалыққа жаны құмар, шығармашылықпен жұмыс істеп, оқу мен тәрбие ісіне еніп, оқытудың жаңа технологиясын шебер меңгерген жан болғанда ғана білігі мен білімі жоғары жетекші тұлға ретінде ұлағатты саналады.

Қазақстан Республикасының Білім туралы заңында: «Білім беру жүйесінің басты міндеттерінің бірі – білім беру бағдарламаларын меңгеру үшін жағдайлар жасау керек» – деп көрсетілген [1]. Солардың бірі – білім беруді ақпараттандыру барысында дидактикалық және оқыту құралы болып – компьютер саналады.

Ұлттық білім беру жүйесінің жаңа моделі, ең алдымен, жоғары сапалы білім беру мен тәрбиелеуді жаңаша ойлай білетін және аса жоғары деңгейдегі азаматтылығы бар жоғары кәсіптік маман кадрларды дайындауды қамтамасыз етуге бағытталған. Отандық білім беру жүйесін реформалаудың жаңа кезеңін анықтайтын бұл міндеттерді шешу қазіргі білім беру мен ақпараттық технологияларға, оқыту және жастарды тәрбиелеу стандарттарына, оларды жаңа нарықтық жағдайға еңбек етуге дайындауға сүйенуі тиіс [2].

Ұлттық білім беру жүйесінің ахуалын талдау нәтижелері әлемнің барлық елдері үшін білім беру саласын дамытудың бірыңғай негізгі тенденциялары тән екенін аңғартты. Бірінші тенденция – оқытуда компьютерді кеңінен қолдану. Қазіргі білім беру жүйесінің негізгі ерекшелігі оқу үдерісінде компьютерлік техниканың қолданысын кеңейту болып табылады, бұл үдеріс білім беру жүйесін дамытудың бірінші бағытына жатады. Бірінші бағытқа жатқызудың ең басты себептерінің бірі, дәстүрлі емес оқыту түрлеріне қарағанда, дәстүрлі оқыту түрлерінде компьютердің көбірек пайдаланылуы болса да (әзірге технология сирек қолданылады, ал компьютер, әдеттегідей, дәстүрлі оқыту түрлерінің тиімділігін арттыру үшін қолданылады); бұл жерде себеп мүлдем басқа. Оқыту үдерісінде компьютерді қолдану бірінші бағыттың, яғни білім беру жүйесін дамытудың түп өзегі саналса; екінші бағыт үшін тек қана фон күйінде қалады.

Компьютерді қолдану оқытушы үшін де кең мүмкіндіктер ашты. Баяндалатын мәліметті жоғары көрнекілік деңгейімен сурет араластыра отырып көрсетуде, оқу қабілеттері мен дағдыларын қалыптастыруда, оқыту материалын меңгеру сапасын әділ тексеруде компьютердің мүмкіндіктері зор. Бұл мүмкіндіктердің барлығын немесе белгілі бір бөлігін қолдану арқылы білім беру үдерісінің тиімділігін арттыруға болады. Бұдан басқа, барлық мамандар қазіргі заманғы кәсіби қызметінде компьютерлік бағдарламаларды қолданатындықтан, кәсіптік білім беру мекемелері оқыту үдерісінде оқушылардың компьютерді қолдану және

кәсіби компьютерлік бағдарламалармен жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыруға тиіс [3].

Ақпараттық технологиялар аясында білім беру жүйесін дамытудың екінші тенденциясы – оқытушының оқу үдерісіне араласуын талап етпейтін оқытатын компьютерлік бағдарламалардың жаңа түрін жасау және бірте-бірте кең қолданысқа енгізу болып табылады. Материалды өз бетінше үйренуге арналған компьютерлік бағдарламалар негізінде ұйымдастырылған осындай оқу үдерісін оқыту технологиясы деп атауға болады.

Электрондық оқулық – құрамында оқу курсының немесе оның бөлімінің жүйелі мазмұны бар және берілген басылым түріне мемлекеттік мекеме беретін арнайы дәрежеге ие электрондық оқу басылымы болып табылады. Электрондық оқулықтар оқытудың бір емес, мынадай екі қызметін атқарады: біріншісі – жаңа оқу материалын ұсынады, екіншісі – қажетті қабілеттер мен дағдыларды қалыптастырады.

Қазіргі уақытта әр түрлі оқу пәндері бойынша электронды оқу басылымдары жасалып, пайдаланылуда, олар оқу-әдістемелік материалдар кешенін, сондай-ақ оқыту процесін басқаратын компьютерлік бағдарламаларды қамтиды. Жалпы білім беру мекемелерінің кейбір оқу пәндері бойынша қазір осындай бағдарламалар дайындалып, оқу үдерісінде кеңінен қолданылуда. Жоғары оқу орындары үшін де компьютерлік оқыту бағдарламалары жасалуда.

Оқу үдерісінде бірінші және екінші буынның бағдарламалық құралдарының қолданылуы оның ұйымдық құрылымын елеулі өзгерістерге ұшыратпайды. Энциклопедиялар мен электронды оқулықтар көбіне дәстүрлі оқыту процесінде қолданылып жатқан оқулықтар мен оқу құралдарына қосымша элементтер ретінде қызмет атқарады. Расында, олар дәстүрлі ұйымдық құрылымның оқу үдерісі тиімділігін арттыруға арналған техникалық құралдар болып табылады. Сондықтан, олар оқыту үдерісінде компьютерді қолданумен қатар, білім беру жүйесін дамытудың бірінші бағытын сипаттайды.

Оқытуға арналған бағдарламалық құралдарды дамытудың үшінші кезеңінде әзірлеушілер оқу үдерісінде оқытушының қосымша қатысуын талап етпейтін бағдарламалар жасауды өздеріне басты мақсат етіп белгіледі. Бұл кезең оқыту үдерісінің технологиясын жасаумен ерекшеленеді.

Бүгінде үшінші буын бағдарламалары айтарлықтай көп дайындалған. Жоғары оқу орындарында кейбір оқу пәндері бойынша осындай бағдарламалардың жасалғаны туралы деректер бар. Мұндай бағдарламалық құралдарды қолдану дәстүрлі оқыту түрлері және әдістері арқылы оқу үдерісін жүргізуді қиындатады, нәтижеде білім беру жүйесіне түбегейлі өзгерістерді енгізуге қажеттілік туындайды.

Біріншіден, мұндай бағдарламалар қашықтықтан оқытуды кеңінен әрі талап етілген сапада жүргізуге мүмкіндік береді. Осы мәселе төңірегінде қазіргі педагогикалық әдебиеттерде көптеген мақалалар жариялануда және нақ осы оқыту түрін дамытуға бағытталған ғылыми-педагогикалық жобалар мемлекеттік және аймақтық деңгейлерде жүзеге асырылуда.

Кез келген буынның бағдарламалық құралдарын пайдалану оқу үдерісін ұйымдастыруға өзгерістер енгізеді. Сондай-ақ, бірінші, екінші және үшінші буынның бағдарламалық құралдарының бірізділікпен қолданылуы оқу үдерісінде бірте-бірте түбегейлі өзгерістердің туындауына алып келеді.

Бірінші және екінші буынның бағдарламалық құралдары ұйымдастыру сипатындағы келесі өзгерістердің енгізілуін қажет етеді:

- компьютермен жеткілікті деңгейде жабдықталған компьютерлік аудиториялар мен зертханаларды құру;
- оқытуға арналған бағдарламалық құралдарды сатып алу немесе дайындау;
- оқу кестесін құрастыру;
- білім меңгеру үдерісіндегі студенттердің дербестігін күшейту;
- оқытушылардың компьютерлік дайындығын арттыру.

Мұнда жүзеге асырылатын оқу үдерісін компьютерлендіру процесі студенттердің бұрын алған барлық білім тәжірибелерін өзгертуді және студенттер мен оқытушылардың рөлдерін қайта қарастыруда талап етеді.

Технологиялық дамудың жетекші буыны ретінде білім беру жүйесін жоғары деңгейде ұстап тұру, студенттердің білімдері мен қабілеттерін болашақ кәсіби қызметінде кездесетін жағдайларға барынша жақындату, оқыту және білім беру тиімділігін көтеру, оқу үдерісіндегі студенттердің дербестігін қамтамасыз ету қажеттігі осы даму кезеңінде компьютерді қолданудың басты мақсаты болып табылады.

Мұндай жағдайға көбіне студенттер дайын болмай шығады, себебі компьютермен жұмыс істеу дағдысын қалыптастыру және оқу үдерісінде өз бетінше жұмыс істеу үшін қосымша күш керек. Оның үстіне, білім беру саласындағы осындай жаңалықтар студенттерді кейде стрестік жағдайға жетелейді, өйткені олардан бұрынғы стереотиптерін өзгертуді және болашақ кәсіби қызметіне қатысты құнды бейімділіктерін ауыстыруды талап етеді. Бұл технологияның айқын артықшылықтарына қарамастан, студенттерде стреске қарсы әрекеттің пайда болуына әкеп соқтыруы әбден ықтимал.

Оқытушылардың оқыту үдерісін компьютерлендіруге әр түрлі көзқараста болатынын кейбір бақылаулар көрсетті. Мәселен, абстрактілі көріністерді қабылдауды жеңілдету үшін графиктер мен анимацияларды пайдалануға және лекция жазуға негізделген жаңа оқыту технологиясын қолданғанда студенттердің реакциясы

бірдей болмады, яғни фактіге негізделген оқу материалының жеткіліксіздігінен студенттердің кейбіреулері лекциялық материалды құптаса, кейбіреулері сынға алды. Мұндай көзқарас стресс пен сенімсіздіктің пайда болғанын аңғартады. Тіпті, жаңа оқыту түрлерінің артықшылықтарын студенттерге тек қана қисынды жолдармен дәлелдеуге тырысу, студенттерді оқуға деген пікірін өзгертуге және келешекке басқаша көзбен қарауға мәжбүрлеу секілді кейбір факторлардың стресті және өзгерістерге қарсы тұру қабілетін күшейтетіні мәлім [4].

Зерттеушілердің пайымдауынша, қисынды түсіндіруге мынадай әсерлі және сенімді компоненттерді қосқанда ғана стресті әлсіретуге болады:

- басқа студенттермен бірге орындалған жұмыстардың нәтижелерін көрсету;
- жаңа шарттарға бейімделген бұрынғы топтар мен топтардағы студенттердің түсіндірмелерін қолдана сөз сөйлеу;
- курстарды аяқтағаннан кейін студенттермен және оқытушылармен тест нәтижелерін талқылау және өзін-өзі бағалау мақсатында тест тапсыру.

Тестілеуге сәйкес оқу бағдарламасына өзгерістер енгізілді. Сендіру арқылы өзгерістер енгізу студенттерге аталмыш жүйенің барлық артықшылықтары мен кемшіліктерін сараптауға, бұрынғы топтардың тәжірибелерін талқылауға және оқыту бағдарламасын әділ бағалауға мүмкіндік береді.

Оң көзқарастар мен өзгерістер жан-жақты келтірілген дәлелдер арқылы жаңалықтарды мойындаудың нәтижесі болып табылады. Студенттердің өзгеріс енгізу қажеттігін терең ұғынуы үшін келесілер ұсынылады:

- оқытушылар мен басқа студенттердің тәжірибесіне сүйене отырып, басқа концепцияларды таңдау мүмкіндігі;
- оқыту мақсаттарына қол жеткізу, жұмысқа орналасу, ғылыми дәреже алу, одан әрі оқу және т.б.

Компьютерлік оқытуды енгізу оқытушылар арасында да осындай мәселелерді туғызады. Біздің болжауымызша, педагогикалық еңбек өтілі көбейген және жасы ұлғайған сайын оқытушылардың өзінің қалыптасқан оқыту жүйесіне компьютерді қосу едәуір қиынға соғады. Осылайша, компьютерлік оқыту оқытушылардан кәсібін де, ақпараттық құралды да теңдей игеруге, теориялық ойлау қабілетін дамытуға және зияткерлік ұтқырлығын шыңдауға өзін-өзі қайта даярлауын талап етеді.

Үшінші буынның оқытуға арналған бағдарламалық құралдарын оқу үдерісінде пайдалану оқытушы мен оқушы рөлінің өзгеруіне едәуір ықпал етеді. Бұл бағдарламаларды қолдану оқу үдерісін тіпті педагогсыз жүзеге асыруға болатынын болжамдайды. Мұнда өзіне ыңғайлы кез келген уақытта (күндіз немесе кешке) және мекенде (үйде немесе жұмыста, бірден немесе бөлек-бөлек) қажетті оқу материалын меңгеру мүмкіндігіне қол жеткізген оқушының академиялық

ұтқырлығы бірден артады. Сондай-ақ, оқытушы оқушы мен оқыту құралы арасын байланыстырушы дәнекер рөлін атқарып қана қоймай, Интернет көмегімен оқушының өз бетінше істеген жұмысын басқару және түзету қызметтерін орындайтын кеңесші міндетін де орындай бастайды.

Мұндай жағдайда оқытудың күндізгі және сыртқы түрлері арасындағы алшақтық мүлдем жойылады. Бұл үшінші буынның бағдарламалық құралдарына негізделген оқыту үдерісін ұйымдастыруға қатысты бірқатар маңызды мәселелердің түп-төркінін ашып береді. Тым жаңа оқу-әдістемелік бағдарламаларды дайындаумен қатар нормативті-құқықтық сипаттағы мәселелер де туындайды. Мысалы, ЖОО-да оқыту технологиясын қолдану оқытушы санының және оқу алаңының азаюына алып келеді. Әрине, бұл жоғары оқу орнының аккредитациядан өту үшін қажетті нормативтерді орындай алмауына және осының салдарынан қазіргі заманғы оқыту технологиясын пайдаланушы жоғары оқу орындарының аккредитациядан өтпей қалуына әкеп соқтырады. Қазіргі заманғы оқыту үдерісіне жаңа технологияларды енгізу кезінде мұндай құқықтық қарама-қайшылықтар едәуір көп туындауда.

Ақпараттық технологиялар аясында білім беру жүйесін дамытудың үшінші тенденциясы – оқыту үдерісінде Интернет компьютерлік желісінің ресурстарын кеңінен қолдану болып табылады. Бұл – ақпараттық базаның ұлғаюына байланысты оқыту үдерісінің мүмкіндіктерін кеңейту және білімгерлердің бойында Интернет желісінде жұмыс істеу қабілетін қалыптастыру секілді екі негізгі себептен туындайды.

Интернет желісін қолдану сияқты білім беру жүйесін дамытудың тенденциясын ұтымды пайдаланудың жолдарын қарастырған жөн. Бұл үшін маман психологтер мен педагогтердің Интернетті негізгі құрал ретінде қолданатын арнайы оқыту технологиясын жасап шығаруы әлемдік ғаламторға деген бағыныштылықты бейтараптандыруға мүмкіндік берері сөзсіз.

Дәстүрлі емес негізде білім беру жүйесін дамытудың төртінші тенденциясы – білім беру мекемелерін ірі білім беру консорциумдарына біріктіру болып табылады. Бұл тенденция жалпы әлемдік компьютерлік желілердің құрылуы мен қашықтықтан оқыту жүйелерінің дамуына тікелей байланысты [5].

Еуропа елдерінде және АҚШ-та ақпараттық желіні дамытуда қол жеткізілген техникалық жетістіктер білім беру саласындағы интеграциялық үдерістерге жаңа толқыныс берді. Бүгін әлемде болып жатқан өзгерістер кейбір білім беру бірлестіктерінің бірігуіне, нәтижеде дәстүрлі емес университеттердің пайда болуына септігін тигізді.

Мысалы, АҚШ-тың алты штатында (Канзас, Оңтүстік Дакота, Айова, Миссури, Миннесота, Небраска) орналасқан тоғыз университеттің негізінде «МИД-

Америка» консорциумы құрылды. Бұл консорциум әр түрлі оқыту деңгейіндегі оқу курстарын ұсына отырып, бұқаралық ақпарат құралдары арқылы оқушыларды көптеп тартуда. Өйткені оқушыларға, бос уақытына және оқу деңгейіне қарай өз қалауы бойынша оқығысы келетін пәндерді таңдау мүмкіндігін беруде. Консорциумның оқу орталықтары сабақтарды басқара отырып, студенттерді оқу материалдарымен және әр түрлі кеңестермен қамтамасыз етуде. «МИД-Америка» консорциумы академиялық дәреже алуды мақсат ұстанатын немесе ұстанбайтын оқушыларға ақылы негізде 40-қа жуық оқу курстарын дайындап, ұсынуда.

Францияда серіктес жеті университеттен тұратын Телеоқытудың университетаралық шығыс бірлестігі жұмыс істейді. Бұл университеттердің қашықтықтан білім беру орталықтары, басқа университеттерге қарағанда, оқыту деңгейі едәуір жоғары саналатын жекелеген пәндер бойынша өзіндік бағдарламаларын дайындайды. Студенттерге бірлестік құрамындағы жоғары оқу орындарының ресурстарын толық пайдалануға және олардың кеңес беру орталықтарымен байланысуға мүмкіндік жасалған.

Бүгінде Қашықтықтан оқыту университеттерінің Еуропалық қауымдастығы Еуропадағы жоғары қашықтықтан білім беру жүйесін дамытуда да, білім беру саласына әр түрлі инновацияларды енгізуде де маңызды рөл атқарады.

Қазақстанда қашықтықтан білім беру жүйесінің мақсаттары мен міндеттері әлемдік ЮНЕСКО қауымдастығының алдына қойған ауқымды мақсаттарымен анықталады: оқушыларды бір елден екінші елге физикалық орын ауыстыру жасауға шектеу қоятын тұжырымдамадан білім беру ресурстары арқылы білімді үлестіруге мүмкіндік беретін жинақы идеялар, білімдер мен оқыту тұжырымдамасына көшіруді жүзеге асыру қажет [6].

Жоғарыда аталған тенденциялар білім беру жүйесінде түбегейлі өзгерістердің болып жатқанын аңғартады. Тәжірибе көрсеткендей, оқыту технологиясын қолдану арқылы оқытудың технологиялық жаңа тәсілін қалыптастыруға болады.

Оқытудың жаңа компьютерлік немесе желілік әдісінің негізгі айқын белгілері мыналар:

- білім алудың қол жетімділігін кеңейту;
- оқушылардың оқыту үдерісіндегі ұтқырлығын күшейту;
- жаңа (қашықтықтан) оқыту түрлерін кеңінен қолдану;
- оқыту үдерісін компьютерлендіру;
- оқытуда жергілікті және ғаламдық желілердің мүмкіндіктерін белсенді түрде пайдалану;
- оқыту үдерісінің қарқынын (технологиялар мен әдістемелердің өзгеру жылдамдығын) үдету;
- оқыту үдерісінің баламалылығын арттыру;

- мұғалімдер мен оқушылардың рөлін азайту;
- оқыту үдерісінде басқаша құралдарды қолдану;
- оқыту үдерісінде басқаша әдістемелерді пайдалану;
- оқу ақпаратын шектемеу, жедел жаңарту және ғылыми емес, жалған, қарама-қайшы мәліметтерге көптеп кездесу;
- оқытудың дербестілігін күшейту.

Осы төрт негізгі тенденциядан бөлек бұрындары жетекші рөл ойнаған мынадай екі тенденцияны да атап өтуге болады: бірінші буынның компьютерлік білім беру бағдарламаларын дамыту мен кеңінен қолдану және екінші буынның компьютерлік білім беру бағдарламаларын, яғни электрондық оқулықтарды дамыту мен қолдану. Қазір үшінші түрдегі оқу бағдарламаларының пайда болуына және дамуына байланысты бұл бағдарламалар маңызын жоғалтып, жаңа түрдегі кешенді оқу бағдарламаларының жекелеген элементтеріне айнала бастады.

Қорыта келе, қазіргі өмірдің ақпараттық құраушысының маңыздылығын, жалпы әлемдік ақпараттық кеңістікте жақын арада кіру қажеттілігі мен оның кезек күттірмейтіндігін ұға отырып, бұл процесс ақпараттық мәдениеттің деңгейін жәй ғана арттырып қоймай, жалпы мәдениеттің деңгейін белгілі бір мақсатты көздей отырып, арттыратынын түсіну қажет. Әрбір студентке ақпараттық технологияларды пайдалану дағдысы ғана емес, сонымен бірге, қарым-қатынастың жалпы мәдени дағдыларын, өз іс-әрекетін жоспарлай білу және т.с.с. меңгеру қажет.

Әдебиет

1. *Қазақстан Республикасындағы білім туралы заңнама.* – Алматы: Юрист, 2007. – 192 б.
2. *Халықова К.З. Педагогикалық информатика / білім беруді ақпараттандыру / К.З. Халықова, Г.А. Абдулқарімова.* – Алматы, 2007. – 273 б.
3. *Околелов О.П. Системный подход к построению электронного курса для дистанционного обучения / О.П. Околелов // Педагогика.* – 1999. – №6.
4. *Электронно-коммуникативные средства, системы и технологии обучения: учеб. пособие / Г.А. Бордовский, В.А. Извозчиков, Е.А. Тумалева.* – М. – СПб., 1995.
5. *Смирнова С.А. Педагогика: теории, системы, технологии / С.А. Смирнова.* – М., 2006. – 506 с.

Современные тенденции развития системы образования

П.К. Искакова

кандидат педагогических наук, и.о. доцента, Международный казахско-турецкий университет имени Х. А. Яссави, Туркестан, Казахстан

М.Е. Рустамбекова

кандидат педагогических наук, и.о. доцента, , Международный казахско-турецкий университет имени Х. А. Яссави, Туркестан, Казахстан

К.Ш. Орынбаева

магистрант 2 курса, Международный казахско-турецкий университет имени Х. А. Яссави, Туркестан, Казахстан

Д.Ж. Сакенов

кандидат педагогических наук, доцент, профессор Павлодарского государственного педагогического института, г. Павлодар, Казахстан

Аннотация

В данной статье рассматриваются современные тенденции технического развития сферы образования. А также описаны широкие использования компьютеров в обучении на современном этапе, достоинства и недостатки данного процесса. Расширение использования компьютерной техники в учебном процессе выступает главной особенностью системы образования сегодня. Анализ состояния национальных систем образования показывает, что всем странам мира присущи одни и те же основные тенденции развития.

Ключевые слова: современные тенденции, развитие системы образования.

Modern trends of the education system

P.K. Iskakova

Ph.D., Acting Associate Professor, Turkestan, ICGS them. H. A. Yesevi, Kazakhstan

M.E. Rustambekova

Ph.D., Acting Associate Professor, Turkestan, ICGS them. H. A. Yesevi, Kazakhstan

K.Sh. Orynbaeva

2 undergraduate course, Turkestan, ICGS them. H. A. Yesevi, Kazakhstan

D.Zh. Sakenov

Ph.D., Associate Professor, PSPI professor, Pavlodar, PSPI, Kazakhstan

Summary

In this article examined modern technical progress of sphere of education trends. And also the wide uses of computers are described in teaching on the modern stage, dignities of this process. Expansion of the use of computer technique in an educational process comes forward the main feature of the system of education today. The analysis of the state of the national systems of education shows that the same basic progress trends are inherent the entire countries of the world.

Keywords: current trends, the development of the education system.

ӨОК 378 (574): 372.87

БАЛАНЫ МЕКТЕПТЕГІ ОҚУҒА ДАЙЫНДАУДЫҢ БАҒЫТТАРЫ

М.Б. Жаздықбаева

*педагогика ғылымының кандидаты, доцент,
Қ. А. Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Түркістан қ., Қазақстан*

Ж. Қасымбеков

*педагогика ғылымының кандидаты, доцент,
Қ. А. Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Түркістан қ., Қазақстан*

Д.Ж. Сакенов

*педагогика ғылымының кандидаты, доцент, ПМПИ профессоры
Павлодар мемлекеттік педагогикалық институты, Павлодар қ., Қазақстан*

Аңдатпа

Мақалада балалардың мектепте бағыттары оқуға дайындық туралы сөз болады. Сонымен бірге балаларды психологиялық әзірлеу мәні, олардың жас ерекшеліктері мен жеке-дара ерекшеліктері қаралады. Бұл сұрақ бойынша ұлы ұстаздардың пікірлері ескеріледі.

Тірек сөздер: мектепке дайындық, баланың қызығушылығы, ойлау қабілеті, дүниетаным.

Мектепке дейінгі балалық шақтағы бала дамуының қорытындылары баланың мектеп жағдайына бейімделуінің, жүйелі оқуға кірісуінің алғы шарттары болып табылады. Мұндай алғы шарттарға ең алдымен оқушы болу, маңызды қарқынды орындау, оқу тілегі жатады. Мұндай тілек мектеп жасына дейінгі кездің соңына қарай балалардың басым көпшілігінде пайда болады. Бұл мектепке дейінгі жағдайдың өсіп келе жатқан мүмкіндіктерге сай келмеуінен және ойын арқылы үлкендер өміріне араласу тәсілдеріне баланың қанағаттанбау сезімін сезіне бастаумен байланысты туындайтын жайт. Бала психологиялық жағынан ойыннан бастартады, мектеп оқушысының жағдайы оған ересек шаққа басқыш ретінде, ал оқу барша жұрт оған құрметпен қарайтын жауапты іс ретінде көрінеді.

Балабақшаның дайындық топтарындағы балалармен бірнеше мәртебе өткізілген сұраулар нәтижесі көп жағдайда балалардың мектепке баруға ынталы

екендігін, балабақшада қалғысы келмейтіндігін көрсетті. Балалар мұны түрліше дәлелдейді. Басым көпшілігі мектепке құштарлық туғызатын жағдай оқудың нақ өзі деген пікір айтады. Әрине, балаларды бір ғана оқу қызықтырмайды. Мектеп жасына дейінгі балалар мектепке мектеп өміріндегі «партаға отыру, қоңыраудың соғылуы, сабақ үзілістері, баға алу, портфельге, пеналға ие болу, т.б. да бала қызығарлық нәрселер үшін ынтызар. Мұндай ынтызарлықтың оқысам деген тілекке қарағанда, маңызы аз, бірақ оның баланың қоғамдағы өз орны мен басқа адамдар арасындағы жағдайын өзгертуге ұмтылу сияқты талпынысын білдіретін жағымды жағы бар. Мектепке психологиялық дайындықтың маңызды жағы – баланың ерік-жігері дамуының жеткілікті дәрежеде болуы. Әр түрлі балаларда бұл даму түрліше көрініс береді. Алты жастағыларға тән, оларды басқалардан ерекшелендіріп тұратын ортақ белгі – олардың ойында өз мінез-құлқын басқаруға, әрі 1-сыныпқа келген бойда жайлы қарекетке қосылып, мектеп пен мұғалім қоятын талаптар жүйесін қабылдауға мүмкіндік беретін қатар бағыну мотивтерінің дамуы болып табылады. Танымдық қарекеттің ықтиярлығына келетін болсақ, ол мектепке дейінгі естиярлық шақта қалыптаса бастағанымен мектепке барған сәтте әлі де толық даму шегіне жете қоймаған: балаға ұзақ уақыт бойы ықтиярлы түрде есті қалпында сақтау, көлемді материалды жаттай алу т.б. өте қиын соғады. Бастауыш мектептегі оқыту балалардың бұл ерекшелігін ескереді және бұл үдеріс олардың танымдық қарекетінің ықтиярлығына деген талапты арттыра түсетіндей етіп құрылады да, білім беру үдерісінің өзінде танымдық қарекет біртіндеп жетісе береді (1.Б.32).

Ақыл-ой дамуы саласындағы баланың мектепке дайындығы өзара байланысты бірнеше жақтарды қамтиды. 1-сыныпқа барған балаға белгілі бір дәрежеде айналадағы дүние туралы, екінші сөзбен айтқанда, заттар мен олардың қасиеттері туралы, жанды және жансыз табиғат құбылыстары туралы, адамдар мен олардың еңбегі туралы, қоғамдық өмірдің бұдан басқа да жақтары туралы, «жақсы деген немене, жаман деген немене» яғни мінез-құлықтың моральдық нормалары туралы білім қоры қажет. Бұл орайда бұл білімдердің көлемі ғана емес, сонымен бірге сандық жағы, яғни мектепке дейінгі балалық шақта қалыптасқан түсініктердің дұрыс, айқын бояуы талдап қорытылуы өте-мөте маңызды.

Мектеп жасына дейінгі естияр баланың бейнелі ойлауы жинақталған білімдерді меңгеруге кең жол ашады, жақсы ұйымдастырылған оқыту ісінде балалар шындықтың әр түрлі салаларына қатысты елеулі құбылыстардың заңдылықтарын бейнелейтін түсініктерді меңгереді. Мұндай түсініктер, екінші жағынан алғанда, баланың мектепке ғылыми білімдерді меңгеруіне жол ашатын неғұрлым маңызды жетістіктер де болып саналады. Егер бала мектепке дейінгі оқыту барысында әр түрлі ғылымдарды оқып үйренуге өзек болатын құбылыс салалары мен жақ-

тарымен танысып, олардың жігін ажырата біліп, жандыны жансыздан, өсімдікті жануардан, табиғи затты адам қолымен істелгеннен, зиянды нәрсені пайдалысынан айыра алатын болса, онда оның ауыз тұшынарлық жетістікке жеткені. Әр саламен жүйелі танысу ғылыми ұғымдар жүйесін меңгеру бұл келешек ісі.

Баланың мектептегі оқуға дайындығын айқындайтын психикалық дамудың тағы бір жағы оның тілінің дамуы, яғни затты, картинканы, оқиғаны айнала-сындағыларға жатық та жүйелі, түсінікті түрде сипаттай білуі, өз ойының барысын жеткізіп, қайсы бір құбылыс пен ережені түсіндіре білуі болып табылады.

Мектепке психологиялық дайындық баланың сынып ұжымымен жарасым тауып, ұжымның бір мүшесі ретінде жалпы қарекетке араласуына мүмкіндік беретін жеке басының қадір-қасиетін қамтиды. Бұл қадір-қасиеттерге мінез-құлықтың қоғамдық мотивтері, басқа адамдармен қарым-қатынас жасауда мінез-құлық ережелерін баланың меңгеруі және оның мектеп жасына дейінгі балалардың бірлескен қарекетінде қалыптасатын құбылысы мен қарым-қатынас ұстай білулігі жатады.

Ш. Құдайбергеновтың педагогикалық пікірлері әр кезде жол жөнекей сөз еткен адамның жан сыры, психологиясы туралы айтқандарымен орайласып жатады. Мәселен, ақынның психологияға байланысты көзқарасын «Анық пен танық», «Қазақ айнасы», «Мұсылмандық шарттары» т.б. шығармаларынан кездестіреміз. Бұларды ғұлама адамдарға сыртқы дүниенің, қоршаған табиғаттың жұмақ сырын ұқсын, танып білсін деген мақсатты ұстанған. (2.Б.11).

А. Байтұрсынұлы психология ғылымы саласымен де өзіндік пікірлерімен дараланады. Мәселен, тек «Әдебиет танытқышының» өзінде ғана осы ғылымға қатысты толып жатқан ой-пікірлер мен салиқалы түйіндер баршылық. Мұндағы «Көрнекі өнері», «Сөз толғау», «Ес ұғымы», «Іс ұғымы», «Зейіндеме» атаулар мен ұғым-түсініктерде, сондай-ақ оның жұмбақ, жаңылтпаш, айтыс, тақпақ, мақал т.б. әдебиеттану ғылымына қатысты пікірлерінде халықтық психологияның теориялық қисындары үшін іздесе таптырмайтын әдістемелік қазық боларлықтай түйсіндері мол. Ғалымның тіл мен сөйлеу психологиясы жайлы айтқандары да аса мәнді. «Тілдің мәдениеті, – деп жазады ол, – ақылдың аңдауын аңдағанша қиялдың меңзеуін меңзегенше, көңілдің түйінін түйгенше айтуға жарау... сөз көңілге сипат жағының көркемдігімен, сөз мағына жағының күштілігімен жағады... тіл дәлдігі деп ойлаған ұғымға сөз мағынасы сәйкес келуі айтылады...». Бұл психологиялық жағынан өте пәрменді тұжырым. Өйткені, қазақтың қазіргі кездегі ұлттық тәрбиесінің мықтап ақсап, тіпті батпаққа белшесінен батып жату себебінің бірі – осы халықтың, әсіресе тәлімгер қауымның ана тілін жоғарыда Ахаң айтқандай түлетіп, оның тәрбиелік ықпалын, өз дәрежесінде пайдалана алмай жүргендігінде. Расында да егер тәлімгер атаулының сөз саптауы шорқақ, ойға саяз, тыңдауға

әсерсіз болса, шәкірт тәрбиесінде берекесіздік туады, сөздің тәрбиелік қадыр-қасиеті, құны төмендейді. Олай болса, баланың сөз өнеріне жетелеуінің, сөйлеу мәдениетінің арта түсуіне ерекше көңіл бөлу қажеттілігі ылғи да естен шықпауы тиіс.

А. Байтұрсынұлының психология ғылымының төңірегінде ой қозғаған терең мәнді, салиқалы пікірлері «Әліппе – таңбалар жұмбағы» дейтін еңбегінде елеулі орын алған. Мұнда ол араб әрпінің латын таңбасынан әлдеқайда ұғынуға, тез жазып, миға тоқилуы жеңіл екендігін психологиялық тұрғыдан дәлелдеп береді. Оның пікірінше екі таңбаның қайсысымен басылған, я жазылған сөз оңай оқылады, бұлардың қайсысымен жазылғанды тану жеңіл, қайсысы баспаға сыйымды, қолайлы көркемдік, көзге жайлылығы жағынан қайсысы артық дегендей психологиялық жайттарға тоқталады. Ғалым латын, араб әріптерін оқуға қайсысы жеңіл, қолайлы екендігі жөнінде былай дейді. «Сауаты ашылған адам жазылған, я басылған сөзді әрпіне қарап оқымайды, бүтін тұрған суретін танып оқиды. Таныс адамды көргенде мынау пәленше, анау түгенше деген сияқты әр сөзді тұрпатына қарап танып айтады. Неғұрлым сөз суреті көзге елеулірек болса, соғұрлым жылдам танылып, шапшаң оқылмақшы (3.Б.77).

А. Байтұрсынұлы адамда жазу дағдысының қалыптасу жолында да психологиялық тұрғыдан түсіндіреді. Ол сөзді оқығанда, не жазғанда кейін кісі тұтасынан «бейнелейді» дейді. «Сауатты адам, – дейді автор, – жазғанда қол дағдысымен жазады. Жазып отырғанда әр әріпті ойлап барып жазбаймыз, қолымыз дағдыланған күймен кетеді. Неғұрлым сауаты көбірек ашылған болса, неғұрлым жазуды көп жазатын болса, оның көз бақылауынан гөрі қол дағдысы басым болмақ. Оқыған уақытта адамның көзіне күш түсіп, етіне күш түспейді. Жазған уақытта көзіне күш түспей, етіне күш түседі». А. Байтұрсынұлы түйіндері психологияда оқу, жазу дағдыларын қалыптастырудың заңдылықтарына негізделген. Мұны психологиядан аздап хабары бар адам, арнайы түсініктемесіз-ақ ұға алатыны хақ (4.Б.59).

Халқымыздың осынау біртуар-ғалымы араб графикасының оқу, жазуға латын қарпінен гөрі әлдеқайда тиімділігін психологиялық тұрғыдан пайымдай келіп, өз ойын былайша тұжырымдайды: «Араб әрпі латын әрпінен жазуға да, оқуға да оңай, сауат ашу үшін баспаханада әріп теруде де, ол латын таңбасынан әлдеқайда тиімді дейді. А. Байтұрсынұлы өмірінің соңғы сәтіне дейін, өзі түлеткен, өзі реформа жасап жетілдірген қазақтың жаңарған жазу үлгісін осылайша ғылыми негізде дәлелдеп, шырылдап қорғап өтті.

Әмбебап ағартушы Міржақып Дулатов ұстазы Ы. Алтынсариннің оқу-ағарту мәселесіне байланысты идеяларын әрмен қарай дамыта келіп, ол да А. Байтұрсынұлы сияқты, оқу-тәрбие мәселесіне ғылыми тұрғыдан қарауға,

оқытудың жаңа әдіс-тәсілдеріне, шәкірттердің жаңа бағдарламалар арқылы білім алуына, ғылыми дидактикалық қағидаларға сәйкес сабақ жүргізуге ерекше мән берді. Оның «Мұғалімдерге», «Қирағат» кітабына жазған алғы сөзінен жақсы байқауға болады: «Балаларды, – дейді ол, – оқыту өз алдына бір ғылым. Ғылым педагогика – мектеп программасында бірінші орын алған қирағат, баяндап оқыту. Қирағаттың мақсатын түсінбеген мұғалім үміт еткен пайданы бере алмайды. Неге балаларды оқыған нәрсесі хақында ойлануға, оның мағынасын, қасиетін сездіруге қалай үйреттік? Баланы оқыған нәрсесін бір-біріне ұйқастырып ойлауына, оқып шыққаннан кейін жадында ретті һәм жақсы мағынасымен қалдыруға әдеттену керек» (5.Б.69).

Психология саласында да өндіре еңбек етіп, артына көп мұра қалдырған – Жүсіпбек Аймауытов «Тәрбие жетекші», «Комплексті оқыту жолдары» деген еңбектерінде психологиялық мәселелерге мән берген. Оның «Тәрбиеге жетекшісінде» дидактика мен педагогикалық психологияның ғылыми астарлары, ұлт тіліндегі тәлім-тәрбиелік терминдер жүйесі сөз болады. Осы кітаптың «Дидактика» бөлімінде оның психологиялық негіздері (ынталы оқыту, үйрету әдістері, машықтану жолдары, оқытудағы көрнекілік оқыту түрлері т.б.) жиырмамыншы жылдардағы қазақ мектептерінің өмірінен алынған нақтылы мысалдармен терең талданады.

М. Жұмабаев орыс педагогикасының білгір классигі К.Д. Ушинскийше педагогиканы жан сырының зандылығын зерттейтін психология ғылымымен байланыстыра қарастырған тұңғыш қазақ ойшылы. Ол педагогиканы психологиясыз, яғни тәлімгер атаулы шәкірттердің жан жүйесі (зейін, ес, қиял, ойлау, сөйлеу т.б.) ерекшеліктерін ескермейінше, оқу-тәрбие процесінің теориялық қисындарын баяндайтын педагогиканың дәрменсіз болатындығын ерекше ескертеді. М. Жұмабаевтың педагогикалық ой-түйіндерінің негізгі арқауы – «адам баласын тәрбие қылу дегенде, адам баласының, әсіресе жанын тәрбие қылу керек деп ұғу керек... Дүниеде терең... Адам тілі арқасында ғана жан сырын сыртқа шығарып, басқалардың жан сырын ұға алады... ұлттың тілі кеми бастауы күрес бастағанын көрсетеді... ұлттың тілінде сол ұлттың жері, тарихы, тұрмысы, мінезі айнадай анық көрініп тұрады. Ата-ана қатал болса бала да қатал, ата-ана жұмсақ болса, бала да жұмсақ... Сондықтан баланың маңындағы адам дұрыс мінезді болу керек... адамның өзін-өзі тексеруі оның жан тұрмысының өркендеуіне, түзу жолға түсуіне бірінші шарт... Қазақтың қаны бір, жаны бір жолбасшысы – мұғалім. Тәрбиешінің табансыздығын сезсе, бала онымен сөйлеуден, тілін алудан қояды...» т.б. дегендерге саяды (6.Б.74).

Ұлы ақынның әдістемелік еңбектері де психологиялық жағынан ерекше көңіл аударарлық. Педагог А. Қыраубаев айтқандай, болашақ мұғалімдерді қазақ

баласының жан дүниесі мүлде ескертілмеген орысша оқулықтардың аудармасымен оқытпай, «Мағжан педагогикасындағы» ойлармен нәрселендіретін кез келді. Мағжан педагогикасы – аса сезімтал, саясаттан тыс, бала жүрегін жараламайтын адамгершілік педагогикасы (7.Б.42).

Ғұлама-ғалымдарымыздың педагогикалық еңбектеріне ғылыми-теориялық тұрғыда талдау жасай келе, түйген ойымыз, егерде ғұлама-ғалымдарымыздың артына қалдырған мұраларын балалардың жас ерекшеліктеріне негіздей отырып мектепалды даярлық топ балаларын сауат ашу және жазуға дайындау мақсатында балабақшалардың оқу-тәрбие үрдісіне енгізетін болсақ, егемен еліміздің келешегін ойлайтын, мәдени-құндылық қасиеттері жетілген жеке тұлғаны қалыптастыруға мүмкіндік бар екеніне зерттеу барысында байқалды.

«Жаста білген, басқа сіңген тәлімің, өзің өлмей сүйегіңнен қала алмас» – деп классик жазушы Ілияс Жансүгіров айтқандай балалық шақтан бойына орныққан, ана сүтімен даритын, ұяттық сезім нышандары – сөз өнері сәбидің болашақ шамшырағына айналып, рухани байлығын кеңейтуге жол ашады. Баланы туған елге, жерге, халқына деген сүйіспеншілік, патриоттық сезімге баулып, жан-жақты жетілген азамат етіп тәрбиелеп өсіру – бүгінгі таңдағы аса жауапты міндеттің бірі. «Жұмыла көтерген жүк жеңіл» – демекші бала тәрбиелеудегі осындай міндеттерді іске асырушылар – мектепке дейінгі мекемелер мен отбасы. Осы екі арнада жүргізілетін тәлім-тәрбие сабақтаса, ұштаса өткізілгенде ғана көздеген мақсат нәтижелі болары сөзсіз (8.Б.55).

Әдебиет

1. *Отбасында баланы мектепке дайындау.* – Алматы, 2000. – 3-10 б.
2. *Урбанская О.Н. Воспитателю о работе с семьей / О.Н. Урбанская.* – М.: Просвещение, 1997.
3. *Мухина В.С. Алты жастағылар мектепте / В.С. Мухина.* – Алматы, 1989. – 38-41 б.
4. *Педагогика: дәріс курсы.* – Алматы, 2003. – 60-62 б.
5. *Буре Р.С. Готовим детей к школе / Р.С. Буре.* – М.: Просвещение, 1987.
6. *Жұмабаев М. Педагогика / М. Жұмабаев.* – Алматы, 1993. – 71-74 б.
7. *Асвина Л.А. А Ваш ребенок готов к школе? / Л.А. Асвина.* – М.: Просвещение, 1987.
8. *Алты жастағы балаларды оқыту мәселелері / ред. басқ. Б. Баймұратова.* – Алматы: Мектеп, 1995.

Направления подготовки детей к обучению в школе

М.Б. Жаздыкбаева

кандидат педагогических наук, доцент,
казахско-турецкий университет имени Х. А. Яссави, Туркестан, Казахстан

Ж. Касымбеков

кандидат педагогических наук, доцент,
казахско-турецкий университет имени Х. А. Яссави, Туркестан, Казахстан

Д.Ж. Сакенов

кандидат педагогических наук, доцент, профессор Павлодарского
государственного педагогического института, г. Павлодар, Казахстан

Аннотация

В статье речь идет о направлениях подготовки детей к учебе в школе. Также рассматриваются значение психологической подготовки детей, их возрастные и индивидуальные особенности. Учитываются мнения великих педагогов-ученых по этому вопросу.

Ключевые слова: подготовленность к школе, интересы ребенка, способность к мышлению, мировоззрение.

Directions preparing children for school

M.B. Zhazdykbaeva

Ph.D., Associate Professor, Turkestan, ICGS them. H. A. Yesevi, Kazakhstan

Z. Kasymbekov

Ph.D., Associate Professor, Turkestan, ICGS them. H. A. Yesevi, Kazakhstan

D.Zh. Sakenov

Ph.D., Associate Professor, PSPI professor, Pavlodar, PSPI, Kazakhstan

Summary

The article focuses on ways to prepare children for school. It also discusses the value of psychological preparation of children, their age and individual characteristics. Taking into account the views of the great teachers-researchers on the subject.

Key words: readiness for school, the child's interests, the ability to think, worldview.

УДК 378.016.02

ФОРМИРОВАНИЕ ИНОЯЗЫЧНОЙ КОММУНИКАТИВНОЙ КОМПЕТЕНЦИИ
В ПРОЦЕССЕ ПОДГОТОВКИ БУДУЩИХ ЭКОЛОГОВ

М.М. Акешова

*старший преподаватель, магистр английской филологии, PhD докторант.
Международный казахско-турецкий университет им. Х.А. Ясави, кафедра «Английская
филология», г. Туркестан, Южно-Казахстанская область, Казахстан*

К.М. Беркимбаев

*доктор педагогических наук, профессор Международного казахско-турецкого
университета им. Х.А. Ясави, кафедра «Общая педагогика и этнопедагогика»,
г. Кентау, Южно-Казахстанская область, Казахстан*

Ж.Е. Дарибаев

*кандидат химических наук, профессор Международного казахско-турецкого
университета им. Х.А. Ясави, кафедра «Химии и экологии»,
г. Кентау, Южно-Казахстанская область, Казахстан*

Д.Ж. Сакенов

*кандидат педагогических наук, доцент, профессор Павлодарского
государственного педагогического института, г. Павлодар, Казахстан*

Аннотация

Лингвистер тілдің манипулятивтік мүмкіндіктеріне ерекше көңіл бөліп отыр: тіл өз қызметін жасыра алады, өтірікті шындай, шынды өтіріктей бере алады, адамды сендіре алады, еліте алады, оған әсер ете алады, өтірік куәгер бола алады. Саяси оқиғаларды лингвистика тұрғысынан талдау мәселесі бүгінгі таңда өте маңызды. Тілдік манипуляция дегеніміз – тыңдаушыға сөйлеушінің пайдасына икемдеу мақсатында жасырын түрде әсер етуде тілдік ерекшеліктері мен оның қолдану принциптерін пайдалану. Басқаша айтқанда, тыңдарманның немесе оқырманның ойымен санаспастан оған болып жатқан оқиға туралы ойын, өзінің көзқарасын, ниетін таңуда билік тілін қолдану. Белгілі лингвист Р. Блакардың дәл көрсеткеніндей, тіл мұндай жағдайда «билік құралы» ретінде пайдаланылады [2,2].

Тіл – сананың ажырамас бөлігі, оның құралы болып табылады, осы себепті де тіл-биліктің аса пәрменді құралы және тұтас мемлекеттік идеология жасауда негізгі рөл атқарады.

Тілдік манипуляция – бірнеше пәндік зерттеулердің объектісі болып табылады: саясаттану, лингвистика, психология, әлеуметтану, мәдениеттану. Осы тұрғыдан алғанда, тілдік манипуляция – кез-келген табысты аяқталған (өз нәтижесіне жеткен) тілдік қарым-қатынас. Манипуляциялық әсер ету механизмін тілден бөліп қарауға болмайды. Шындықты анықтау үшін де не оны бұрмалау үшін де бірдей тілдік құралдар қолданылады. Манипуляциялық әсер етуге арналған арнайы тілдік құралдар болмайды, бірақ оның кез-келгені сол мақсатта қолданылуы мүмкін.

Егер тілдік саяси манипуляциялық әсер етуді табысты қарым-қатынастың бір түрі деп қарастыратын болсақ, онда П. Грайстың қағидаларына тоқталамыз. Ол сөйлеушілердің барлығы бірдей уәделеріне жету үшін төрт негізгі принципті ырықсыз басшылыққа алатындығын айтады: 1) ақпараттандыру қағидасы (бір

жаңалық айт); 2) ашықтық қағидасы (ұғынықты, анық сөйле, екіұшты сөйлем); 3) байланыс қағидасы (тақырыптан ауытқыма); 4) ақиқаттық қағидасы (шындықты айт, ашық айт) [3,4]. Бұл жерде нәтижесі алдын-ала белгілі, анық болуы тиіс қарым-қатынас туралы сөз болып отыр, демек сөйлеу тәртібі қатаң сақталуы немесе саналы түрде бұрмалануы тиіс. Ақпараттандыру қағидасы бұзылған жағдайда: 1) ақпараттың жеткіліксіз болуы; 2) шамадан тыс анықтамалар берілуі; 3) бос, қажетсіз ақпараттар пайда болады; егер ашықтық қағидасы бұзылса мәтін ұғынықсыз, екіұшты болады. Байланыс қағидасының бұзылуы логикалық байланыстың үзіліп, тақырыптан ауытқуға әкеліп соғады. Ақиқаттық қағидасына сай болмау сөйлеушінің әдейі бұрмаланған ақпаратты айтуын көрсетеді. Көбіне саяси санаға әсер етуде негізгі мәселеден ауытқушылық, шамадан тыс ақпараттар немесе бұлыңғыр тұжырымдамалар сияқты немесе бұқара санасын бұрмалау мақсатында «ақпаратты жылдам беру» сияқты әдіс-тәсілдер қолданылады.

Белгілі бір жағдайды көрсету үшін пайдаланылатын эвфемизмдер мен өзге бағалаушылық сипаты бар сөздерді қолдануды қамтитын манипуляцияның көптеген лингвистикалық, тілдік әдіс-тәсілдері де бар, мысалы: мақсатты қайталаулар, сұрақ қою прагматикасы, лепті сөйлемдер, фразеологиялық тіркестер, теңеу, эпитеттер, салыстыру тәсілі, тілдесім тәсілі, метафоралар, аппликация тәсілі, тұрақты атаулар, түрлі қысқартулар. Саяси мәтіндердегі мұндай тілдік бірліктер берілген ақпараттың растығын дәлелдеуде, оқырманды сендіруде оңтайлы құрал болып табылады. Қорыта келгенде, адамдардың өзін қоршаған орта туралы ақпаратты табиғи таза күйінде емес, өңделген, автор көздеген мүдделерге сай құрылған күйде алуы саяси манипуляцияның көздеген негізгі мақсаты болып табылады. Ал, қоғамның маңызды бөлігін құрайтын саясат, билік және халық бір-бірінен ажырамас бөлік екендігін ескерсек, бұқараның саяси санасына билік жүргізудегі тілдік құралдар қорының дами беретіні заңдылық.

Әдебиет

1. Әбсаттаров Р. Саяси манипуляцияның қыры мен сыры / Р. Әбсаттаров. – Ана тілі, 2011.

2. Гронская Н.Э. Языковые механизмы манипулирования массовым политическим сознанием / Н.Э. Гронская // Вестник Нижегородского университета им. Н.И. Лобачевского, 2003. – №1. – С. 220-231.

3. Кара-Мурза С. Манипуляция сознанием / С. Кара-Мурза. – Киев: Орианы, 2000.

4. Доценко Е.Л. Психология манипуляции: феномены, механизмы и защита / Е.Л. Доценко. – М.: ЧеРо, Юрай, 2000.

***Функциональное воздействие языка
на политическое сознание общественности***

Б.А. Абдыханова

магистрант, Государственный университет имени К. Шакарима, г. Семипалатинск, Казахстан

Аннотация

В статье анализируется роль языковых средств, которые являются базой для реализации манипуляции в сфере массовой коммуникации, также манипулятивные технологии, стратегии и тактики воздействия. Манипулятивные техники часто выбирают своим инструментом правильное построение языковых выражений. Выбор конкретных языковых средств оказывает влияние на структуру мышления и тем самым на процесс восприятия и воспроизведения действительности. Язык является мощным средством управления и манипуляции массовым политическим сознанием. Воздействие на сознание языковыми средствами представляет собой комплексную лингвистическую систему, находящуюся в непрерывном развитии и связанную с процессами социодинамики общества. В статье манипуляция рассматривается как вид психологического или речевого воздействия, при этом существует множество классификаций стратегий и тактик манипулятивного воздействия, реализующихся в сфере бытового, рекламного, политического дискурса. Рассматриваются наиболее употребительные способы манипулирования.

Ключевые слова: манипуляция, политический дискурс, восприятие

Functional effects of language on the political consciousness of the public

B. Abdykhanova

State University named after K. Shakarim. Semipalatinsk, Kazakhstan

Summary

The article is devoted to the problem of linguistic devices used for manipulative control in the sphere of mass media. Moreover, various ways of manipulative technology, strategy and tactics are to be considered. It is known that the correct order of linguistic expressions is often used as an instrument of manipulation. The right choice of definite linguistic expressions affluence the way of thinking, so it may affect the whole process of perception and reproduction of reality. Language itself is a powerful means of control of people's political minds. The manipulation with a help of linguistic expressions comprises the complex of linguistic system which is in constant development and connected with dynamics of the given society. In the article manipulation is considered as a psychological and linguistic action, thus the variety of manipulation classifications realized in domestic, advertising and political discourses are discussed there.

Key words: manipulation, political discourse, perception

УДК 378,880:20

ИСПОЛЬЗОВАНИЕ МЕТОДА ГЛОБАЛЬНОГО СИМУЛИРОВАНИЯ
В ПРОЦЕССЕ ОБУЧЕНИЯ АНГЛИЙСКОМУ ЯЗЫКУ*А. Аккалиева**магистрант, Государственный университет имени К. Шакарима,
г. Семипалатинск, Казахстан**Аннотация*

В настоящее время существует множество методик, ставящих целью обучение иностранным языкам, но, тем не менее, актуальность проблемы не убывает.

В нашей стране в системе образования постоянно происходят изменения, направленные на улучшение качества знаний обучающихся, а значит, и методики преподавания тех или иных дисциплин с точки зрения формирования конкретных компетенций. Ориентация образовательной системы РК на компетентный подход в содержании образования находит свое выражение в области обучения иностранным языкам в формировании межкультурной коммуникации как показателя сформированности человека эффективно участвовать в иноязычном общении. В связи с этим хотелось бы представить анализ современного метода, который используется в обучении иностранному языку.

Ключевые слова: методика, улучшение качества обучения, обучение современному иностранному языку

В 1894 году американский психолог и педагог Дж. Дьюи создал опытную школу, где за основу обучения брались игры и учебная деятельность. В своей книге «Психология мышления» он объясняет процесс усвоения материала таким образом: мышление содержит в себе (как мы уже видели) представление о заключении, которое нужно принять, а также поиски и попытки исследования достоинства представления, прежде чем окончательно принять его. Это предполагает (а) известный запас или изобилие опытов и фактов, из которых возникает представление, (б) быстроту, гибкость и плодотворность представлений и (с) порядок, последовательность и соответствие в том, что представляется. Ясно, что человек может быть стеснен в каждом из этих трех отношений: его мышление может быть несоответственно, узко или незрело вследствие того, что у него недостаточно действительного материала, на котором можно основывать заключения; или потому, что конкретные факты и сырой материал, даже обширный и разнообразный, не вызывает быстрых и богатых представлений и, наконец, потому, что даже когда выпол-

нены два первых условия, возникающие идеи непоследовательны и фантастичны, вместо того, чтобы быть соответствующими (предистам) и содержательными.

Идеи Дж. Дьюи положили начало новой педагогической методике проблемного обучения. Проблемное обучение относится к активным технологиям обучения. В его основе лежит решение какой-либо проблемы, задачи. В широком смысле проблема – это сложный теоретический и практический вопрос, требующий изучения и разрешения; в науке – противоречивая ситуация, выступающая в виде противоположных позиций в объяснении каких-либо явлений, объектов, процессов и требующая адекватной теории для ее разрешения.

Проблема активизации познавательной деятельности, развития самостоятельности и творчества студентов является одной из актуальных задач педагогики в условиях кризиса образования. Современная ориентация образования на формирование компетенции как готовности и способности человека к деятельности и общению предполагает создание дидактических и психологических условий, в которых студент может проявить не только интеллектуальную и познавательную активность, но и личностную позицию, индивидуальность, выразить себя как субъект обучения.

В данном аспекте вопроса хотелось бы рассмотреть актуальность использования метода глобального симулирования как одной из эффективных форм формирования и развития коммуникативной компетенции обучающихся. По своей сути и постановке задач, метод глобального симулирования или моделирования является аналогом или же видоизмененной формой проблемного изучения. В чем же суть этого метода? Глобальное моделирование отдает предпочтение реальности иллюзии, а не иллюзорности реальности [«Lessimulationsglobale»]. Выбирается общая тема, связанная либо с замкнутым пространством: остров, многоэтажный дом, цирк, гостиница, больница, международная конференция, либо тема, требующая иллюзорных перемещений в пространстве: путешествие на автобусе, морской круиз, научная экспедиция, полет на космическом корабле. В отличие от контекстной ролевой игры, «глобальное моделирование» предполагает активную вовлеченность всей группы в подготовку к работе, совместный исследовательский проект, лингвистический поиск, может быть довольно продолжительным по времени и охватывать несколько занятий. Это совместный креативный проект по созданию воображаемых миров, которые могут быть соотнесены с реальностью, а могут быть полностью фантастическими. Проводится коллективная работа по созданию «декораций», образов вымышленных персонажей, сюжетной линии, что порождает целую серию устных и письменных упражнений. Ученики практикуются в разговорной речи, уместной в данной социокультурной среде. Игровая форма, сотрудничество, мотивация – все это способствует снятию зажимов и более сво-

бодному говорению на иностранном языке. Данная деятельность может подойти для учащихся разного уровня, но особенно она эффективна на старших курсах, где языковой уровень студентов позволяет решать разнообразные проблемные ситуации. Так, будущие юристы могут участвовать в судебном процессе, расследовании преступлений; студенты-журналисты организовывать пресс-конференции, политологи могут провести «выборы»; экономисты могут принять участие в конференции или организовать игру «Банк» и т.п.

Замечено, что когда ученик-студент перевоплощается в некий персонаж и действует от его имени, то это способствует снятию психологических барьеров. Вымышленные персонажи могут быть разного возраста, пола, социальной категории. Преподаватели предлагают сделать жеребьевку для распределения воображаемых личностей. Затем студент дорабатывает свою «биографию».

Особую роль в «глобальном моделировании» играют управляемые образы воображения. Истоки этого метода следует искать в психотерапевтической практике.

Как же данный психотерапевтический метод можно использовать на занятиях иностранного языка? Сам процесс требует определённой подготовки или стадий для успешной реализации урока. Обязательным условием реализации учебной задачи в обучении ИЯ является этап «погружения в язык». Для «погружения» студентов в нужную атмосферу преподавателю требуется основательная подготовка к занятиям.

Данный этап не ограничивается подбором музыки, картинок, также можно использовать соответствующий реквизит по тематике.

Отмечая успехи в применении нестандартных методов изучения языков, заметим, что сами методы совсем не новы и были блестяще описаны К.С. Станиславским в книге «Работа актера над собой» [Станиславский, 1938]. В этом произведении мы найдем образцы и «глобального моделирования», и «создания управляемых образов». Просто эти замечательные разработки, к сожалению, никогда не использовались преподавателями иностранных языков.

Станиславский пишет о разных типах воображения: «воображении с инициативой» и воображении, которое ее лишено, но зато может схватывать то, что ему подсказывают. Если же воображение отсутствует вообще, то такой человек не может стать артистом [Актерский: 2009]. Великий драматург описывает ситуацию, когда актер пробует мечтать, но мечта без инициативы приводит лишь к дремоте. Тогда он задает образ – стартер – «аэроплан», и вновь неудача. Опыт не удался, потому что в работе воображения не было смысла, интереса, задания, необходимого при творчестве. И мечты были недействительны, неактивны.

Эффективность метода глобальной симуляции подтверждается рядом экспериментальных занятий, проведенных на занятиях по дисциплинам «Базовый основной иностранный язык уровень В2», «Язык для специальных целей С1» среди студентов 2–3 курсов специальности «Иностранный язык: два иностранных языка» на кафедре иностранной филологии. Процесс подготовки и «погружения» в тему проходил в течение определенного времени (2 недели), во время которого студенты вживались в роль, приобретали необходимый запас для реализации коммуникативных ситуаций. Было отмечено, что студенты проявили большую ответственность и активность в выполнении заданий, креативность в раскрытии выбранных ими образов и нестандартность мышления в решении заданной проблемы. Более того, лексический и грамматический материал, отобранный по тематике, успешно был отработан в процессе использования метода.

Таким образом, среди основных характеристик современного процесса обучения и формирования коммуникативной компетенции проблемность занимает одно из ведущих мест. Данный метод, называемый методом глобального моделирования или симулирования, способствует не только активизации познавательной деятельности студентов в современных условиях образования, а именно ориентация не столько на усвоение студентами определенной суммы знаний, но и на развитие их личности, созидательных способностей, получение опыта самостоятельной деятельности и личной ответственности, формирование современных ключевых компетенций в профессиональной сфере.

Список литературы

1. Henry J. Hermanowicz *Problem Solving as Teaching Method*.
2. *Концепция развития иноязычного образования РК.* – Алматы: Казахский университет международных отношений и мировых языков имени Абылай хана, 2006.
3. Glenn S. Levine *Global Simulation: A Student-Centered, Task-Based Format for Intermediate Foreign Language Courses, University of California, Irvine*.

Ағылшын тілін оқыту үрдісінде жаһандық игерушілік әдісті пайдалану

А. Аққалиева

Қ. Шәкәрім атындағы мемлекеттік университеті, Семей қаласы, Қазақстан

Аңдатпа

Қазіргі уақытта шетел тілін оқыту әдістерінің көптігіне қарамастан, шетел тілін жоғары деңгейде меңгеру мәселесі өз өзектілігін жоғалтпайды. Қазақстан Республикасының білім саласындағы өзгерістер оқыту сапасын жақсартуға, сонымен қатар, оқыту әдістемесін күшейтуге бағытталған. Осы тұрғыдан, мақалада глобалды симуляция әдісінің шетел тілін оқыту барысында қолдану тиімділігі қарастырылған. Негізінде, осы әдіс американдық психолог және педагог

Дж.Дьюидың проблемдік оқыту негізінде ой таратқан. Бірақ толық әдіс ретінде француз әдіскерлерімен қолданылды. Әдістің ең маңызды талабы – шетел тілін оқыту барысында ойлап тапқан жеке «дүние» құрап сол дүниеде студенттер алдарына қойылған тілдік немесе коммуникативты мәселерді шешуге талаптанады. Осы әдіс тиімділігі Шәкәрім атындағы мемлекеттік университетінің шетел филология кафедрасында шетел тілі сабақтарын өткізу барысында айқындалды.

Тірек сөздер: әдістеме, оқу сапасын жақсарту, қазіргі уақыттағы шет тілін оқыту.

Using global incentive in the english language training

A.Akkaliev

State University named after K.Shakarim. Semipalatinsk, Kazakhstan

Summary

The article deals with the problem of teaching foreign languages. Despite the existence of various methodic, the problem is still to be considered. The main purpose of the given article is to analyze the efficiency of Global Simulation Method in the process of teaching foreign language. The method was initially introduced in France, but it is loosely based on method of problem – solving teaching, started by J. Dewey in 1894. The idea of global simulation method implies in creation of the different world, where students are to solve the set of problems. The images, topic and issues are created according to the specific teaching aims and tasks. If we take into consideration the benefits of Global Simulation method, it goes without saying that students feel easy and self-assured while solving some communicative tasks. It is obvious, that some preliminary steps to be taken to introduce the method of global simulation into the process of teaching. It can be used as a concluding lesson to assess students' knowledge.

Key words: methods, improving the quality of learning, teaching modern foreign languages

ӨОЖ 372.882

БҮЛДІРШІНГЕ ПОЭЗИЯЛЫҚ ТУЫНДЫЛАРДЫ ҚАБЫЛДАТУ МӘСЕЛЕСІНЕ

А.Б. Бақраденова

Педагогика ғылымдарының кандидаты, мектепке дейінгі және бастауыш білім беру кафедрасының профессоры, Павлодар мемлекеттік педагогикалық институты, Павлодар қаласы, Қазақстан.

Аңдатпа

Мақалада танымал қазақ балалар ақындарының мектеп жасына дейінгі балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес жазылған поэзиялық туындылары балабақшада жүйелі таныстырлмайтындығы қарастырылған. Автор оқу-тәрбие бағдарламасына өз тарапынан талдаған және тәжірибеде қолдана бастаған бірнеше туындыларды атап қана қоймай, олардың біразын балалардың ойын, серуен және арнайы оқу әрекеттерінде (ойын, сурет, жапсыру т.б.) қолдану әдістері мен жолдарын ұсынған.

Тірек сөздер: поэзия, поэтикалық қабылдау, тіл дамыту әдістемесі, өлең ырғағы, баланың жан-дүниесі, тілді сезінуі, эстетикалық талғам

Қазақ баласы сөз әлемінің құдіретіне сәби шақтан бөленеді. Бұған дәлел әуенді бесік жыры, қуырмаш өлең, тұсау кесу сол сияқты айналамен таныстыратын санамақ, ойын өлең-жырлары. Бағдарлама бойынша таңдалған ауыз әдебиеті үлгілері балабақша топтарында балаларға қуыршақтармен ойнатылатын рөлдік, дидактикалық ойындарда тағы да ұсынылады. Ол жырларды енді сәбилердің өздеріне жаттату олардың поэтикалық қабылдауын қалыптастырады: бала сөз әлеміне кіреді, ырғағын сезіммен тыңдау арқылы мазмұнына назар аударады. Бейнелі, мейірімді сөздер мен тіркестерді мәнерімен айтатын болады, бала бойында әдемілікке деген құштарлық пайда болады. «...бар дарын қуатын балаларға бағыштаған... ақындарды, балалар әдебиетін көзге іле бермейміз. Ал балалар бақшада өлеңдерін тақылдап айтады. Олар-біздің болашағымыз. Олардың тілінде-ақын болашағы! Ана тілі болашағы да – сол бір балдырғандар тілі мен ділінде» деп жазған болатын Ә. Дүйсенбиевті еске алу мақаласында балалар әдебиеті сыншысы Қ. Ергөбеков.

Балабақшаға әр күні келетін бар баланы тәрбиеші ырғақты өлеңдермен қарсы алса, ойын, сабақ әрекеттеріне поэзиялық туындыларды жиі енгізіп отырса, техникалық жетістік өрлеп тұрса да, өлеңге жанаспайтын қазақ баласы қалмас еді.

Әдістеме саласы бойынша зерттеулер жүргізген ғалымдар Р.И. Жуковская, В.Р. Андросова, А.И. Полозова поэзиялық шығармаларды барлық балалар бірдей қабылдамайтынын айтады. Ең басты мақсат – поэзиялық шығарма алғаш тыңдалғаннан бастап түсінікті қабылдануы, топ балаларының қабылдауына, жас ерекшелігіне, қызығушылығына өлең жолдарының түсінікті болуы.

Р.И. Жуковская әр баланың бойына поэзияға деген қызығушылық ұялатуға болады деген. Ал өлеңнің тез қабылданып, қайталап айтып шығуға себепкер болатын факторларға мыналарды жатқызады:

- өлеңнің мазмұны мен формасы қызықты болуы;
- бала қызығушылығына жақын және бойларын бауырап алатындай болуы;
- бейнелі әрекеттерге (сурет салу, жапсыру, ритмика т.б.) құлшындыруға ықпалды болуы;
- ойында, сахнада көрінуге лайықты келуі, баланың шығармашылық қабілетіне әсері болуы;
- педагогтің туындыны мәнерлі оқып, ерекше қызықтыруы;
- өлең түрлерімен жүйелі түрде жұмыс жүргізу, яғни өлеңмен бауырап, балаларды жиі тыңдауға, әуенінен ләззат алуға құмартқызып алуы.

Бүгіндері әдістемеші маман ретінде біздің балалар қай ақынды біледі, қандай ертегілерді сүйіп тыңдайды деген сұраққа келгенде, тамағымызға тас тығылатындай болатыны өтірік емес. Балабақшадағы оқыту-үйрету әрекеттерінің, балалармен сабақтан тыс ұйымдастырылатын шаралардың барлығы дерлік баланың жан дүниесіне поэтикалық стильде жететін болса, тәніне де, жанына да рухани күш болатынын ескеріп келеміз бе? Осының астарына назар салсақ, тәрбиешілер бағдарлама талаптарынан аспайтыны байқалады. Бағдарламада жоғарыдағы шарттар ұсталынбаған, әр бөлімнің мазмұнын қуа берілген туындылар тізімі ғана байқалады. Тәрбиешілерге «қай ақынның шығармаларын балалар тез қабылдайды, қай ақынды таниды?» деген сұрақтар қойылғанда, тіпті бой сергіту жаттығуларының қай ақындікі екенін білмейтіні (Мысалы, «Жалау» Ж. Смақов, «Шынықсын денеміз» М. Әлімбаев, «Балақай» Қ. Мырза Әлі) анықталды.

Қазіргі министрлік бекіткен «Балбөбек» бағдарламасы 1–3 жасқа «Алғашқы қадам», 3–5 жасқа «Зерек бала», 5–7 жасқа «Біз мектепке барамыз» деген бөлшектелген оқу-тәрбие салаларының «Қатынас» бөлімінің соңында көркем шығармалар тізімі берілген. Солардың ішінен балалармен бірлесе ойнап тұратын Ө. Тұрманжановтың, Ж. Смақовтың, М. Жаманбалиновтің төрт түлік туралы шығармаларын таба алмай қалдық.

Бірақ бүгінгі озық технологиямен тәрбиеленетін бала техника тілінде ойнайды. Қала баласының бойында ата-бабамыздың мінсе көлігі, кесе киімі, ішіп-жесе тағамы болған төрт түліктің ерекшеліктерін білмей қалу қаупі тұр. Сөзіміз

құрғақ болмау үшін мектепке дейінгі мемлекеттік бағдарламада бүлдіршіндерге арналып ұсынылған поэзиялық туындылардан 1–3 жастағыларға мысық, лақ туралы С. Қалиев, Ж. Сәрсенбаевтың, 3–5 жастағыларға М. Әлімбаевтің «Ұшты, ұшты», «Қозы», Ә. Дүйсенбиевтің «Ақ тайлақ», М. Жаманбалиновтің «Кім не жейді?» өлеңдерін, 5–7 жастағыларға М. Әлімбаевтің «Менің ойыншықтарым», «Мысықтың әдеттері», «Әдептілік әліппесі»; О. Асқардың «Біздің ит» өлеңдерінің ұсынылғанын келтіреміз.

Орган қолдай бетке ұстар бағдарламамызда М. Әлімбаев шығармалары «Қатынас» және «Қоршаған ортамен таныстыру» талаптары бойынша берілген де, ақын аталарын балаларға көркем шығармаларымен таныстыру жүйесінде ұсынылмаған, оған дәлел қызықты персонаждарға толы бір де бір мысалының, ертегі үзінділерінің кездеспеуі. Балабақшаға керегі жаттауға жеңіл, ойнақы айтылатын, ойын негізінде жазылған М. Жұмабаевтың, Ө. Тұрманжановтың, Ж. Смақовтың т.б. өлеңдері, мазмұнды мысал өлеңдер, ертегілер, мысал әңгімелер аз берілген, олардың орнына орысша бағдарламадағы көркем туындылар енгізіліп кеткен. Өткен ғасырдың 70-ші жылдары бекітілген «Балабақшада оқыту және тәрбиелеу бағдарламасының» сәбилердің 1–2 топтарында Ж.Смақовтың «Жалау», «Қозы» өлеңдері бар болатын, қазіргі құжатта естияр, ересек топтарға бір-бір өлеңінен беріліпті.

№	Өлеңнің аталымы	Мазмұны мен идеясы	Тәрбиелік, тілдік мақсаттары
1	«Әйәй»	Қуыршақпен сөйлесу, мейірімділікке үйрету	Рөлдік ойында қолдандыру (1–3)
2	«Торғайларды қорғаймыз»	Еңбекке тәрбиелеу, құстың пайдасын білгізу	Табиғат аясында жатқа беру (3–5)
3	«Тайым»	Малдың төлі туралы түсінік беру, ерекше сипаттарын таныту	Ойната отыра, айтқызу (5–7)
4	«Санамак»	Серуеннен соң балаларды ойната отырып жуындыру үстінде тілін дамыту	Дауысты жаттықтыруға, анық сөйлеуге баулу (1–3)
5	«Торы тай»	Түлікке сүйсіндіру, мейірімділікке тәрбиелеу	Ағаш атқа мінгізіп шапқызу, ойнату арқылы тілін ширату (1–3)
6	«Қозы», «Бөрте лақ»	Мал төлдеріне деген мейірімділікке баулу, сүйіспеншілік сөздеріне көңіл аударту	Дауыс ырғағына жаттықтыру (3–5)
7	«Лағымды қуамын», «Ақ бұзау», «Торайлар»	Фланелеграф арқылы сөз қорын дамыту, персонажға енгізу арқылы мәтіннің тілімен сөйлетуге үйрету	Дауыс тонына үйрету. Қимыл ойыны үстінде орындату (5–7)

Мысалы, «Күн жылынды» атты төрт-ақ жолдан тұратын жеңіл өлеңнің жоғары топта тұруы өлеңнің жасқа шақталып берілмеуінің дәлелі. Ж. Смақов, М. Әлімбаев өлеңдері кішкентай аталымдарымен-ақ баурап алатын, балалардың табиғатынан поэзияқұмарлық қасиетін дамытуға лайық дүниелер. Жақан ағаларының бүлдіршіндерге шақ өлеңдерін сараптасақ, мынандай жүйе шығады.

Ж. Смақов өлеңдерінен мазмұнды ойындарда «Паровоз», «Сылдырмақ», «Айтшы, әжетай», «Кішкене әліппе», «Самолет» өлеңдерін пайдалануға болады. 5–7 жастағы балалар оқуға еліктейді, кітаппен достасады, яғни «Қуыршақпен кітап оқиық» деген мазмұнды ойынды ұнатады.

*«Бұзау М-ны ө-ге қосып,
«Мө» дейді.
Бота: Б-ны Ө-ге қосып.
«Бө» дейді.
Ал мен М-ны А-ға қосып,
«Ма» деймін. «Ма-ма-деймін.
«Мама» деймін.»*

«Паровоз» өлеңі барлық жастағы балаларға лайықты, Жақан Смақов поэзия тілін ойын түріне салып кеткен. Әрине, қай бала да маршты әуен ырғағымен ойнағанды қатты ұнатады, Мысалы, ақынның «Пойыз» өлеңі былай құрылған:

*Қатар-қатар тұрайық,
Кәне, кәне, сұрайық:
Кімнің болса бойы ұзын –
Паровозы пойыздың?!*

Тәрбиеші бойы ұзын баланы көрсетеді. Мысалға «Мараттың бойы ұзын» деуі мүмкін. Балалар тәрбиеші көрсеткен баланы паровоз етіп қояды. Ал қалғандары соның соңынан етектерінен ұстап тұра бастайды.

*Ал, паровоз, баста алға,
Бәрімізді басқар да!
«пи-пи, пи-пи!» – біз кеттік, (2 рет)
Жүрісті біз үдеттік.
Гу-гу, гу-гу, гүілде,
Қалып қойма бірің де!*

Қоршаған ортамен осылай ойната отырып, таныстыра беруге болады.

Ақын өлеңдерін тақырыпқа топтап жүйелеп беруде көшбасшы болған, Қазақстанда тіл дамыту әдістемесінен алғаш еңбек жазған ғалым Б. Баймұратова-

ның зерттеуінде Ж.Смақовтың «Қаз-қаз бас» өлеңін жаттау берілген-ді, бірақ нағыз бүлдіршін ақыны бүгінгі бағдарламада танылмай тұр. Біз ғалым шәкірті ретінде және жаңа заман талабымен өзі дүниеден өткен ақындардың өлмес шығармалары балалар жүрегінде сақталса деген тілекпен қария ғалымымыздың сабағын жаңғыртуды жөн көрдік.

Тақырыбы: Ж. Смақовтың «Қаз-қаз бас» өлеңі

Тәрбиелік мақсаты: оқылған шығарманы аяғына дейін тыңдауға үйрету, тұсау кесу жырының әуеніне еліктіру, кішіге сүйіспеншілікке баулу.

Дамытушылық мақсаты: Сурет төңірегінде әңгімелесе алуға, тақпақтың мазмұнын түсініп жаттауға дағдыландыру.

Көрнекі құрал: кітап және кітап суреті.

Сабақтың мақсаты: Тәрбиеші кітапты ашып, ішіндегі суреттерді көрсетеді де: – Бәрің қараңдар. Мына суреттегі кім? – Ол – апа. – Мынау не? – Ол – доп. – Мынау кім? – Ол – бала. – Бәрің де дұрыс айттыңдар. Мынау – кішкене Болат. Мынау – доп. Ал, мынау. – Болаттың апасы. Болат әлі кішкентай. Ол бір-екі басып жүргісі келеді. Ал апасы допты жерге қойып, «Құлама, ақырын жүр, маған допты әкел», – деп шақырып тұр. Сендерді де апаларың жүруге осылай үйреткен. Балалар, кімнің Болат сияқты інісі бар? (Балалар үйлеріндегі кішкентай іні-қарындастарын айта бастайды. Тәрбиеші тыңдайды.) Ал енді Болатқа апасы не айтты екен? Мен сендерге оқып берейін. (Өлең шумағын, суретті көрсете отырып, екі рет оқиды.)

Осы өлеңді екінші рет оқығанда тәрбиеші үлкен қуыршақты үстелге тұрғызып, қолын алға қарай созып қояды. Оның алдында доп жатады. Қуыршақтың қарсысына аяғын адымдай бастырып қуыршақ Аяны қояды да: – Балалар, мынау не? – Иә, ол қуыршақ Ая. – Оның алдында не жатыр? Мынау не? – Ол – доп. – Допты қуыршақ не істегісі келеді? (Егер айта алмаса, тәрбиеші өзі айтады.) Қуыршақ Ая допты алғысы келеді. Енді оны допқа қарай жүргізейік. Мен сендерге өлеңді оқимын, сендер маған қосылып айтасыңдар. Біз өлеңді бірлесіп айтқанда, Ая ақырындап жүруге үйренеді. Қанеки, бірлесіп айтып, қуыршақты допқа қарай жүргізейік.

*Қаз-қаз-қаз,
Қаздаң бас.
Бір, екі, үш,
Аздан бас.
Қаз-қаз бас,
Құлама,
Құласаң,
Жылама.*

Өлең шумағын тәрбиеші жайлап жатқа оқиды, балалар ілесе айтып отырады. Тәрбиеші Аяны жетектеп жүргізе отырып, допқа жеткізеді.

– Міне, Ая жүруге үйренді. Ол құлаған жоқ. Енді мына доппен біз де ойнаймыз, Ая да ойнайды.

Балалардың серуен кезінде бақылап көрген торғайдың ерекше белгілерін таныстыруға арналған сабақ тәжірибеде нешеме жылдар бойы өткізіліп келді. Бұл тақырыпты да бала көңіліне әсерін сіңіре жалғастыруға болады.

Сабақтың тақырыбы: Ж. Смақовтың «Торғай ағаш қорғайды» өлеңі.

Тәрбиелік мақсаты: Халықтық «Торғай» өлеңін еске түсіру, торғайларды қорғау жайында ақын ескертуін жаттату арқылы, оны қатаң ұстануға үйрету.

Дамытушылық мақсаты: Балалардың сөз қорына бөтеке, ұя, жем, тары, томпайып, қорғаймыз деген сөздерді енгізу және әңгімелесу арқылы адамға таныс ерекшеліктерін, табиғаттағы орнын білгізу.

Көрнекілігі: Суретті кітапша, торғайлар қонған ағаштар мен бала әрекетін бейнелеген интертақтадағы қозғалмалы суреттер.

Әдіс-тәсілі: Әңгімелесу, өлеңді мәнерлеп оқу, драматизациялық ойын.

Сабақ барысы:

Серуенде бақылаған торғай жайында әңгімелесу.

«Торғай ағаш қорғайды» өлеңін өлеңін оқу және әңгімелесу

– Балалар сабақ барысында серуенде жүріп жатқан халықтық «Торғай» өлеңін жарысып айтып жатқанда, тәрбиеші ағаштарға жайғасқан бірнеше торғайды көрсетеді.

– Балалар, торғайлар не істеп жатыр?

– Ағаштарды шоқып жатыр.

*Балалар!
Шыр-шыр еткен торғайды,
Қорғамасаң болмайды.
Кіп-кішкене торғайлар,
Ағаштарды қорғайды*

– Иә, балалар, олар ағашқа түскен құрттарды шоқып жеп жатыр. Жақан Смақов ағаның торғайлар туралы не дегенін қосылып бірнеше рет айтайықшы (2–3 рет шумақты қайталау, жады жақсы балалардың қайсысы жаттап алғанына қайталату) Осыдан кейін тәрбиеші торғайды көздеп тұрған бұзақы баланың суретін көрсетеді де, өлеңді мәнерлеп оқиды. Бұл шумақты мен оқығанда Жақан ағаның мына бұзық баланы қалай ұнатпай қалғандығын дауыспен жеткізіп айтамын. Тыңдаңдар, дәл мен айтқандай қайталаңдар.

*Таспен атып торғайды,
Ұя бұзған оңбайды.
Құс өкпелеп кетеді,
Бақшамызға қонбайды!*

– Балалар! Құс өкпелеп кетеді дегенді қалай түсінесіңдер?
– Ол өкпелемес үшін біз оларды қорғау керек екендігін әркімге айтып жүрейік.

– Бұзақы балаға Жақан аға айтқан ескертуді де жаттап алайық.

– Қане, екінші шумағын ескерту дауысымен тағы айтайық (шумақты 2–3 балаға қайталату).

– Балалар, торғайларды қорғайық, келесі рет серуенге барғанда оларға шашатын түрлі-түрлі дәндер алып келіңдер. Сонда біздің бақшамызға көп торғайлар қонатын болады,- деп сабақты аяқтауға болады.

Ақынның енді бір топ өлеңдері мен жұмбақтары бейнелеу, сурет салу, математика сабақтарына лайықтап жазылған: «Қарап ал да, санап ал!» атты өлеңінің мәтінін қолдана отырып, балаларға төрт түлік мал түрлерін суреттен ажыратуға, үй құстарының суретін салғызу сабағына қолдана аламыз.

*Сабақтың басталу бөлімінде:
Ал, балалар, балалар,
Қағаз бенен қалам ал,
Суреттерін салайық,
Кәне, қандай қара мал?*

Интертақтадан, не компьютерге алдын-ала салынып қойылған суреттерден төрт түлік түрлерін қаратып шықса болады. Балалар суреттен әрбір қара малды танып, көрсетеді.

*Міне, мұнда қара мал,
Суретіне – қарап ал.
Ал,балалар, балалар,
Қағаз бенен қалам ал!
Үй құстарын табайық,
Суреттерін салайық.*

Осы сияқты тәрбиелік жағдаятқа, сабақ түріне қарай ақынның «Талапай», «Тамшы», «Боран», «Сылдырмақ» атты ойын өлеңдерін рөлдік ойын, асық ойынын үйрету, халықтық ұлттық дәстүрді ұлықтату, табиғат құбылыстарын бақылау мен қолөнері сәттерінен ләззат алғызу мақсатымен қолдану тиімдірек болмақ.

Ақын шығармалары бір жүйеде таныстыру ескерілмегендіктен, сәбилер оларды танымай келеді, осы олқылықтарды толтыруды ойластырып, Павлодар өңірінен шыққан М. Әлімбаев, М. Жаманбалинов, Е. Ерботин және Жетісуда туып, республика радиосынан мектепке дейінгі сәбилерге мейірімге толы өлеңдерін, тәрбиелік тақпақ-жаттамақтарын көзі тірісінде жаттатып кеткен, ертегі-мысалдарының сырына, әуенді жырына қазақ балаларының құлақ құрышын қандырған Ә. Дүйсенбиев, Ж. Смақов, Ө. Ақыпбековтердің мектеп жасына дейінгі бүлдіршіндерге арналған жырларын зерттеп, балабақша бағдарламасына енгізуді әдістемелік тұрғыда қарастырып ұсыну басталды десек болады.

Әдебиет

1. *Ергөбеков Қ. Мейірім шуағы / Қ. Ергөбеков. – Алматы: Жазушы, 1985. – 83 б.*
2. *Баймұратова Б. Мектеп жасына дейінгі балалар тілін дамыту методикасы: 2–6 жас аралығы / Б. Баймұратова. – Алматы: Пауан, 1992.*
3. *Мектеп жасына дейінгі балалардың тілін дамыту әдістемесі / Л.П. Федоренко, Г.А. Фомичева, В.К. Лотарев. – Алматы, 1962.*
4. *Стародубова Н.А. Теория и методика развития речи дошкольников. Педагогическое образование / Н.А. Стародубова. – М., 2012.*

К проблеме восприятия детьми дошкольного возраста поэтических произведений

А.Б. Бакраденова

кандидат педагогических наук, профессор кафедры дошкольного и начального обучения, Павлодарский государственный педагогический институт, г. Павлодар, Казахстан

Аннотация

В статье поднимаются проблемные вопросы по ознакомлению и подаче детям дошкольного возраста произведений известных казахских детских поэтов. По мнению автора, проблема состоит в том, что в современный период не учитываются факторы по подбору стихотворений по возрастным особенностям детей, а также не прослеживается принцип системности в обучении. Указывая ряд приемлемых произведений для современных дошколят, автор предлагает их методику в разных формах занятий и свободной деятельности детей (во время прогулки, труда, лепки и рисования).

Ключевые слова: поэзия, поэтическое восприятие, тіл дамыту әдістемесі, интонационная выразительность, чувство языка, внутренний духовный мир ребенка, эстетическое познание.

To the question of children's perception of poetry

A.B. Bakradenova

Candidate of pedagogical sciences, professor, Department of preschool and elementary education
Pavlodar State Pedagogical Institute, Pavlodar, Kazakhstan

Summary

The article rises the problems in getting acquaintance with well-know Kazakh children authors / poets to kindergarten children/ Due to the authors via point the issue is in not taking into account the factors in choosing poems according to the age of the children, as well as not noticing the principle of system work in teaching. Denoting a number of interesting works for the children authors suggests the method of various forms of the lesson as free activity of the children during the walk, work, glue and drawing \ painting.

Key words: poetry, poetic, perception, intonational, expressiveness, sense of language, inner child's world, aesthetic knowledge.

УДК 159.9:37.015.3; 159.922

ЗАВИСИМОСТЬ СИМПТОМОВ ФАЗ ПРОФЕССИОНАЛЬНОГО ВЫГОРАНИЯ
ОТ СТАЖА РАБОТЫ ПЕДАГОГОВ

Е.В. Бронский

кандидат педагогических наук, доцент кафедры теории, методики физического воспитания и начальной военной подготовки, Павлодарский государственный педагогический институт, г. Павлодар, Казахстан

М.Е. Кусмиденов

старший преподаватель кафедры теории, методики физического воспитания и начальной военной подготовки, Павлодарский государственный педагогический институт, г. Павлодар, Казахстан

Д.В. Гулая

студентка факультета физической культуры и спорта, Павлодарский государственный педагогический институт, г. Павлодар, Казахстан

Аннотация

Настоящая статья посвящена проблеме профессионального выгорания педагога, в частности, личности учителя физической культуры. Выявлена однозначная зависимость состояния симптомов фаз профессионального выгорания от стажа работы учителей. Установлено, что с увеличением стажа работы педагогов уровень проявления симптомов и сила их воздействия на организм возрастает. Несмотря на то, что в группах учителей со стажем работы от 1 до 5 лет и от 6 до 15 лет фазы синдрома характеризуются как несформировавшиеся, фаза стресса «Резистенция» близка по своему состоянию к следующей, более выраженной градации, как «формирующаяся». Наиболее уязвимой категорией педагогов является возрастная группа учителей со стажем работы от 16 и более лет. Все фазы синдрома характеризуются как «формирующиеся» или «сформировавшиеся».

Ключевые слова: синдром профессионального выгорания, симптомы выгорания, фазы выгорания, личность учителя, стаж работы, возрастные группы, учителя физической культуры

Еще в 70-е годы некоторые исследователи обратили внимание на довольно часто встречающееся состояние эмоционального истощения у лиц, занимающихся в различных сферах коммуникативной деятельности (педагогов, врачей, работ-

ников социальных служб, психологов, менеджеров). Как правило, такие специалисты на определенном этапе своей деятельности неожиданно начинали терять интерес к ней, формально относиться к своим обязанностям, конфликтовать с коллегами по непринципиальным вопросам. В дальнейшем у них обычно развивались соматические заболевания и невротические расстройства. Наблюдавшиеся изменения, как было обнаружено, вызывались длительным воздействием профессионального стресса. Появился термин «burnout», который в русскоязычной психологической литературе переводится как «выгорание» или «сгорание». В настоящее время не существует единая точка зрения на сущность профессионального выгорания и его структуру. Согласно современным данным, под «психическим выгоранием» понимается состояние физического, эмоционального, умственного истощения, проявляющееся в профессиях эмоциональной сферы [1, 2, 3].

А.Н. Моховиков называет и другие факторы возникновения синдрома выгорания: внутриличностный конфликт и острый психологический стресс. Синдром профессионального выгорания – это реакция на стрессовые воздействия [4]. В.В. Бойко и другие считают, что выгорание представляет выработанный личностью механизм психологической защиты в форме полного или частичного исключения эмоций в ответ на избранные психотравмирующие воздействия [5, 6, 7, 8, 9].

Актуальность: в условиях рыночной экономики и ужесточения конкуренции деятельность педагогов имеет множество стрессовых факторов экономического, социально-психологического, организационного характера. Особенно эти факторы проявляются в деятельности учителей физической культуры. Так, согласно данным исследований института гигиены труда, учителя физической культуры занимают одно из первых мест по профессиональной вредности.

В силу особенностей своей профессиональной деятельности они постоянно находятся в превышающем все нормы шумовом воздействии, подвергаются резкой смене температур, спортивные залы очень часто являются источником запыленности, инфекционных и паразитарных заболеваний, а если учесть реально существующую высокую травмоопасность занятий, то учитель физической культуры находится в состоянии постоянного стресса. Немаловажное значение приобретают и такие факторы, как условия и содержание труда.

Организация исследования, характеристика выборки, методики.

Исследование организовано в рамках кафедральной научной темы «Личность учителя и проблемы современного урока физической культуры» и было проведено на базе Института повышения квалификации педагогических работников. В анкетировании приняло участие 126 учителей физической культуры городских и сельских школ Павлодарской области. Исследуемые учителя по стажу работы были

разбиты на три возрастные группы: 1–5 лет ($n = 32$), 6–15 лет ($n = 45$), 16 и старше ($n = 49$). Опрос выполнялся по методике, разработанной В.В. Бойко [5].

Результаты исследования и их обсуждение.

Учитель физической культуры является профессионалом в педагогической сфере взаимодействия с людьми, в этой связи нам будет интересно увидеть, в какой степени у него сформировалась психологическая защита в форме эмоционального выгорания.

Анализ полученных результатов говорит о том, что у респондентов первой возрастной группы отсутствуют *ярко выраженные симптомы*, они все классифицируются как *не сложившиеся*, поскольку показатель каждого симптома не превышает 9,0 балла. В то же время в каждой из фаз присутствуют *доминирующие синдромы* (таблица 1).

Таблица 1 – Показатели симптомов фаз профессионального выгорания учителей, стаж 1–5 лет (баллы, $n = 32$)

Фаза стресса	Симптом	Значение
